

МРПТИ 06.54.31

JEL O10

COST APPROACH IN EVALUATION OF ENTERPRISE INNOVATION POTENTIAL

Zh.B. Rakhmetulina

Candidate of Economic Sciences, professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, the Republic of Kazakhstan

A.K. Auelbekova

Candidate of Economic Sciences
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose – to explore existing approaches to evaluation the innovative potential of the enterprise

Methodology –the graphic method, as well as general scientific methods are used: synthesis, analysis, comparison, generalization.

Originality/value – a conceptual model of the system for determining, analyzing and evaluating the innovative potential has been proposed. The necessity of the cost approach to the evaluation of innovative potential as a growth potential was justified.

Due to the distance method, it is possible to calculate the growth potential, to evaluate the efficiency of the use of enterprise' resources. This allows to identify current areas for improving the business model, eliminate shortcomings and improve the efficiency of resource use, within the framework of dynamic management capabilities.

Conclusions – evaluation of innovative potential is a complex problem that does not have a unique solution based on the use of a variety of approaches and evaluation methods.

Keywords: innovative activity, innovative potential, innovative development, innovations

**КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН
БАҒАЛАУДАҒЫ ҚҰНДЫҚ ТӘСІЛ**

Ж.Б.Рахметулина

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

А.К.Ауелбекова

экономика ғылымдарының кандидаты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты: кәсіпорынның инновациялық мүмкіндігін бағалауда қолданыста бар тәсілдермен танысу.

Әдістері: графикалық тәсіл қолданылады және жалпы ғылыми тәсілдер: синтез, анализ, салыстыру, жалпылау.

Құндылығы: инновациялық мүмкіндікті анықтау және бағалауда, тұжырымдылық моделі ұсынылды. Өсу әлеуеті ретінде инновациялық әлеуетті бағалауға құндық тәсілдің қажеттілігі негізделген. Қашықтық әдісінің арқасында өсу әлеуетін есептеуге, кәсіпорынның ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға болады. Бұл менеджменттің динамикалық мүмкіндіктері шеңберінде бизнес-модельді жетілдірудің өзекті бағыттарын анықтауға, кемшіліктерді жоюға және ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Арақашықтық тәсілінің арқасында өсу потенциалын және кәсіпорындардың пайдаланған ресурстары тиімділігін есептеуге болады. Бұл динамикалық басқару мүмкіндіктері шеңберінде бизнес моделінің өзекті бағыттарын анықтап, кемшіліктерді жойып, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды: инновациялық мүмкіндіктерді есептеу қиын мәселе болып табылады, біржақты шешімі жоқ, есептеуде көптеген әдіс, тәсілдерді қолдануда негізделген.

Түйін сөздер: инновациялық қызмет, инновациялық әлеует, инновациялық белсенділік, инновациялық даму, инновациялар

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның инновациялық даму жағдайына қатысты стратегиялық зерттеудің маңызды мәселелерінің бірі оның инновациялық әлеуетін зерттеу және бағалау болып табылады. Инновациялық әлеуеттің тұжырымдамасын және мәнін анықтауға, оның құрылымына және бағалау әдістеріне, сондай-ақ кәсіпорында инновациялық процесті басқарудың тәжірибелік міндеттерін шешуге арналған көптеген ғылыми жариялауларға қарамастан, бір мәнді тәсіл жоқ.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Инновациялық әлеуетін бағалау әдістерінің мәселелерін шешу маңызды теориялық негізге негізделуі керек. Көптеген қазіргі заманғы ғалымдардың, экономистердің және саясаткерлердің шығармашылығында инновациялық әлеуетті, оның экономикалық мәні мен оны бағалау әдістерін зерттеуге ерекше назар аударылды. П.Завислак, М.Саунилла, Дж.Фокс, А.Фороуди, М.Хоук, Н.Ха [1-4] және басқалары сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектерінде инновациялық басқару теориясының теориялық, әдістемелік мәселелері зерттелді.

Қазақстандық және ресейлік зерттеушілерді атап өтуге болады: А.П.Аксенова, А.В.Бабкин, А.Е.Воронкова, В.В.Глазунова, В.Я.Горфинкель, Н.Есмагулова, Р.Исмаилова, О.Е.Кузьмина,

В.И.Королев, Е.А.Лаптева, А.А.Трифилова, Е.А.Яковлева [5-15] және басқалар. Олар заманауи инновациялық басқару теориясын дамытуға үлкен үлес қосты. Шығармаларындағы инновациялар теориясы мен зерттеулерін дамытуға үлкен назар аударылады.

Инновациялық даму мен өсуді қамтамасыз ететін фактор ретінде кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің мәні, мазмұны мен рөлі нақты анықталмаған.

Ұсынылған инновациялық әлеуетті сандық бағалау әдістері кәсіпорынның инновациялық дамуының экономикалық мақсаттарына қол жеткізудегі рөлі мен әсерін көрсетпейді.

Нарықтық экономиканың ортасы белсенді бәсекемен сипатталады, инновациялық әлеует тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын қайта қарауды, мақсаттарды анықтауды және оны бағалау әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Нәтижелері және талқылануы

Бірқатар ғылыми жұмыстарда қамтылған инновациялық әлеуеттің мәнін анықтауға арналған тәсілдердің сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

Инновациялық әлеуетті бағалаудың тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ бағалауда қолданылатын көрсеткіштер-факторлар 2-кестеде ұсынылған.

Кәсіпорынның инновациялық әлеуеті, авторлардың пікірі бойынша, кәсіпорынның өмірлік циклын айқындау, қаржылық жағдайды зерттеу және болжау, өндіріледі деп күтілетін инновациялық қасиеттерді зерттеу арқылы бағаланады.

Жұмыста [14] инновациялық әлеует ресурстардың белгілі түрлеріне бөлінетін мынадай факторлардың жиынтығы ретінде қарастырылады:

- интеллектуалдық (технологиялық құжаттама, өнертабыстар, патенттер, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер);
- материалдық (эксперименттік аспаптық база, пилоттық кондырғылар, зерттеу, тәжірибелік және зертханалық жабдықтар);
- қаржылық (меншікті, қарыз, инвестициялық, бюджеттік, гранттық);
- қызметкерлер (инновацияларға қызығушылық танытатын тұлға, инновациялық көшбасшы, білікті маман және ҒЗЖ жүргізе алатын, маркетинг саласындағы, клиенттердің жасырын қажеттіліктерін жоспарлап болжай алатын мамандар);
- инфрақұрылым (ғылыми-зерттеу жұмыстарының жеке бөлімшелері, конструкторлық бөлім, бас технолог бөлімшесі, жаңа өнімдердің маркетинг бөлімі, өнімдер сапасын бақылау зертханасы, патенттік-лицензиялау бөлімі);
- инновациялық қызметтің нәтижелерін жетілдірудің қосымша көздері (университеттермен байланыс, аумақ ресурсы, ақпараттық бөлім, кәсіпорынның стратегиялық басқармасы).

Осы ресурстардың инновацияларға қол жетімділігі мен масштабы компанияның қазіргі және келешектегі жаңа технологияларын тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Инновациялық даму стратегиясын таңдау инновациялық әлеует шамасына байланысты. Барлық қажетті ресурстардың болуы көшбасшы стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді. Талдау әдіснамасы ретінде, ресурстық тәсіл негізінде сараптамалық әдістерді пайдалану көзделеді.

Инновациялық әлеуетті бағалау құндық көзқарас тұрғысынан қарастырылады [7]. Инновациялық әлеуетті бағалаудың мақсаты - құндылық жасау қабілеті. Осылайша, инновациялық дамудың мақсаты экономикалық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған және инновациялық әлеуетті бағалаудың нарықтық тәсіліне сәйкес келеді. Алайда мақсатқа қол жеткізу тәсілдері тұрғысынан жұмыста басты назар ресурстық қамтамасыз етуді ашықтауға жасалады. Автор әлеуетті барлық қол жетімді ресурстармен қалыптастыратын жағдайды анықтайды, өйткені инновациялық даму стратегиясы бизнес-модельдің өзгеруімен байланысты болуы мүмкін, нәтижесінде тұтынылатын ресурстардың құрылымы да өзгеруі мүмкін. Кейбір ресурстар (қолда бар болған) артық, ал басқалары тапшы болуы мүмкін.

Кесте 1 – Кәсіпорындардың инновациялық әлеует мәніне теориялық көзқарас

Авторлар	«Инновациялық әлеует» анықтамасы
Артерчук В.Д.	Бәсекеге қабілетті өнім өндіруге көшуді қамтамасыз ететін инновациялық даму бағыттарын айқындау мүмкіндігі
Бабкин А.В.	Бағалау мақсаттары тұрғысынан тәсілдердің үш нұсқасы: болжамдық, диагностикалық, салыстырмалы
Воронкова Е.А.	Инновациялық даму мақсатында барлық қолжетімді ресурстарды тарту арқылы кәсіпорынның жаңа құндылыққа ие болуы мүмкіндігі. Инновациялық әлеует инновацияларды енгізу және дамыту арқылы барлық ресурстармен қалыптасады.
Глазунова В.В.	Ұйымның инновациялық дамуын жүзеге асыру, оның инновациялық қызметін қамтамасыз ету үшін өндірістік, еңбек, зияткерлік, ғылыми, технологиялық, маркетингтік, материалдық және энергетикалық, инфрақұрылымдық, қаржылық, экономикалық және басқару ресурстарын пайдалану мүмкіндігін ұйымдастыру
Горфинкель Я.В.	Кәсіпорынның жетілдіру немесе жаңарту қабілеті бар инновациялық ресурстарды толық іске қосу кезінде мүмкін болатын инновациялық өнімнің ең жоғары көлемін сипаттайды
Завислак П.	Технологиялық даму мен операциялық мүмкіндіктерге, сондай-ақ басқару және транзакциялық рәсімдерге айналатын технологияны зерттеу процесі
Королев В.И.	Индекс жүйесін пайдаланады, ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысты пайдаланылуын жүйелі түрде қолданады.
Кузьмина О.Е.	Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу және жаңа білімді игеру міндеттерін шешу үшін кәсіпорынның жиынтық мүмкіндіктерді қолдана білуі. Оның нәтижесі жаңа өнім, технология, процесс болып табылады
Лаптева Е.А.	Қолда бар ресурстық қамтамасыз ету кезінде кәсіпорынның әр түрлі әсер алу мақсатында инновацияларды құру және пайдалану мүмкіндігі және қабілеті
Матвейкин В.Г.	Инновациялық және инвестициялық қызмет арқылы кәсіпорынның даму қабілеттілігі. Кәсіпорынның өмірлік циклын анықтау, оның қаржылық жағдайын бағалау, өндіріске ұсынылатын инновациялық қасиеттерді талдау арқылы бағаланады
Трифилова А.	Жаңа технологияларды тиімді игеруге дайындық дәрежесі. Ресурстардың болуы көшбасшы позициясын алуға мүмкіндік береді
Фокс Дж.	Инновациялық қызмет үшін тұрақты өндірістік қызметтің дайындығын анықтайды
Хоук М., Ха Н.	Үш бағытты қамтиды: әлеуметтік капиталға бағдарлау, нарықтық бағдарлау, кәсіпкерлік бағдарлау
Шишкин С.Н.	Кәсіпорынның инновациялық әлеуеті: инновациялар үшін қажетті әртүрлі ресурстардың тіркесімі ретінде анықталады.
Яковлева Е.А., Бойко Ю.В.	Кәсіпорынның өз мақсаттарына, бар ресурстарды барынша пайдалану кезінде, жету білу қабілеті.
<i>Ескерту:</i> [2, 4, 6-9, 11-15] дереккөздер бойынша құрастырылған	

Кесте 2 - Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалаудың тәсілдері, көрсеткіштері және әдістері

Авторлар	Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалаудың тәсілдері, көрсеткіштері және әдістері
Аксенова А.П., т.б..	Теңгерімделген көрсеткіштер жүйесіндегі негізгі көрсеткіштерді бағалау жолымен құндық тәсіл негізінде айқындалады. Тәсіл: кәсіпорын құнының өзгеруіне әсер ететін қаржылық факторлардың өзгеруіне әсерін бағалау. Әдіс - анықтаушы факторлардың өзгеруі кезінде негізгі көрсеткіштің өсу функциясының икемділігін анықтау. Негізгі фактор ретінде EVA қабылданды
Аренков И.А.	Келесі көрсеткіштер негізінде бәсекелестік әлеуеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады: ҒЗТҚЖ циклін жеделдету; қызметкерлерді инновациялық процеске тарту. Бәсекелестік әлеуеттің құрылымы: маркетингтік, ресурстық, шығармашылық, инновациялық әлеуетті қамтиды. Дәстүрлі әдістермен бағалау
Артерчук В.Д.	Ресурс көрсеткіштері және инновациялық әлеуеттің компоненттері бойынша сараланған 14 коэффициент. Коэффициенттер - сараптамалық бағалау, интегралдық көрсеткіш - олардың өлшенген сомасы.
Матвейкин В.Г., т.б.	Көрсеткіштер: материалдық, қаржылық, зияткерлік, ақпараттық, ғылыми-техникалық. Ресурстық тәсіл және бағалаудың сараптамалық әдістері қолданылады
Трифилова А.А.	Көрсеткіштер: зияткерлік; материалдық; қаржылық; кадрлық; инфрақұрылымдық, косымшалық. Ресурстық тәсіл және бағалаудың сараптамалық әдістері қолданылады
<i>Ескерту:</i> [5, 14, 15] дереккөздер бойынша құрастырылған	

Инновациялық әлеуетті анықтау және бағалау тәсілдерін зерттеу нәтижелері авторлардың басымы бөлігі бағалау процесінде үдерістік және ресурстық тәсілдерді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі ретінде оны бағалайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бағалау әдістерінің салыстырмалы талдауы инновациялық әлеуеттің ресурстық тәсілі шеңберінде өлшенген балдық сараптамалық бағалау негізінде есептелген интегралдық көрсеткіш ретінде бағаланатынын көрсетеді. Инновациялық әлеуетті айқындау кезінде балдық бағалау және оларды саралау субъективті сипатқа ие болуы мүмкін, өйткені сарапшылардың жеке пікірлері мен біліктілігіне байланысты. Алынған интегралдық бағалау негізінде кәсіпорындарды салыстыру жүргізіледі. Дегенмен, ұсынылған әдістерді қолдану арқылы инновациялық даму мақсаттарына қол жеткізу тұрғысынан инновациялық әлеуетті бағалау мүмкін емес. Бір жағынан, алынған бағалаулар инновациялық даму мақсаттарынан анықталады, ал екінші жағынан, бағалауда пайдаланылатын көрсеткіштер тек ресурстық тәсілге бағытталады.

Инновациялық әлеуетті айқындау кезінде ресурстық тұжырымдаманың негізгі кемшілігі кәсіпорынның ресурстық әлеуетін зерттеу және оны бағалау тек оның ішкі мүмкіндіктерін сипаттайтынығында және нарық конъюнктурасын көрсетпейтіндігінде. Табысқа жету үшін кәсіпорынға қанағаттанарлық ресурстық қолдаудың арқасында ғана емес, сондай-ақ нарық жағдайларын, талаптарды және мүмкіндіктерді ескере отырып, бәсекелестік артықшылықтарды құру үшін мүмкіндіктер табу қажет, соның ішінде: құндылықтар құру тізбектері; дистрибьюторлар; тұтынушылар үшін инновациялардың пайдалылығы. Тұтынушылар үшін құндылық жасау талабы қажет болған жағдайда бизнес моделін өзгертеді, инновациялық бизнес-модельге көшуді негіздейді.

Осылайша, нарық конъюнктурасын есепке алу қажеттілігі сыртқы орта факторларын бағалау процесінде есепке алуды көздейтін инновациялық әлеуетті талдау мен бағалауға нарықтық тәсілді пайдалану қажеттілігін негіздейді.

Инновациялық әлеуетті айқындау және бағалау мәселесін одан әрі дамыту динамикалық мүмкіндіктер тұжырымдамасы ретінде анықталатын тұжырымдаманың қалыптасуына алып келді [15].

Динамикалық мүмкіндіктер менеджерлердің құзыреттілігі мен қабілеттері ретінде анықталады, оларға кәсіпорынның ресурстық базасына бірегей түрде әсер етуге және нарық қажеттіліктеріне сәйкес ресурстар конфигурациясын өзгертуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе көрсеткендей, инновацияны әзірлеу және енгізу кезінде үздік нәтижелерге қол жеткізген көшбасшылар білімді интерналдандыру үшін жағдай жасай отырып, клиенттік-бағдарлы, шығармашылық, зерттеу және ерекше ойлаумен сипатталады.

Инновациялық үдерістегі менеджменттің динамикалық мүмкіндіктері бәсекелестердің бірегей қабілеттерін пайдалану қиынға түсетінін ескере отырып, бәсекелестерге қарағанда, ресурстарды таңдау мен комбинациялауды жақсы жүргізуге мүмкіндік береді.

Инновациялық үдерісте өндірістен басқа менеджмент кем дегенде алты өзекті үдерісті тиімді басқаруды жолға қоюы тиіс: нарықты есептей білу; жаңа өнімдер шығарылуы; тұтынушыларды тарту және сақтау; клиенттермен қарым-қатынасты басқару; тапсырысты басқару; сапаны бақылау. Бұл факторларды сараптамалық әдістермен бағалау мүмкін емес.

Менеджерлердің бірегей құзыреттілігі мен қабілеттерін пайдалану арқылы ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық процесті басқару, инновациялық әлеуетті бағалауға ресурстық-нарықтық тәсілді айқындайындауға, кәсіпорынға ұзақ бәсекелестік артықшылықтарды сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл инновациялық әлеуетті өлшемдерді бағалауды өзгерту қажеттігіне алып келді. Инновациялық әлеуетті айқындау тұрғысынан алғанда, инновациялық даму мақсаттарының бірі құн жасау бола бастады.

Демек, инновациялық әлеует ресурстарды қамтамасыз ету және бәсекеге қабілетті позицияларды нығайту бойынша кәсіпорынның мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар экономикалық өсу мен дамуды қамтамасыз ету, ең төменгі шығындармен барынша нәтиже алу мүмкіндігін, яғни қосымша құнды жасауды көрсететінін білдіреді.

Құндық әдіс инновациялық әлеуетті бағалаудың арнайы әдістерін пайдалануды талап етеді, бұл инновациялық процестегі кәсіпорын құнының өсу әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыста [5] инновациялық әлеуетті зерттеу және бағалау мақсаты ретінде құнды қалыптастыруға әсер ететін факторлар-көрсеткіштердің өзгеруін бағалау негізінде кәсіпорын құнының өсуін анықтауды қарастыратын құндық тәсілді қолдану ұсынылады.

Зерттеу әдісі ретінде оны анықтайтын факторлардың өзгеруі кезінде қызметтің негізгі көрсеткішінің өсу функциясының икемділігін анықтау ұсынылады. Бизнес-жоспарды анықтау негізінде, мақсатты орнатуды көрсететін негізгі көрсеткіш ретінде экономикалық құндылық индикаторы таңдалды. ($EVA = NOPAT - WACC * IC$).

Факторлардың маңыздылығын анықтау мақсатында салықтарды (NOPAT) төлегеннен кейінгі операциялық пайданың өзгеруі, инвестицияланған капиталдың шамасы (IC) және капиталдың орташа өлшенген бағасы (WACC) есебінен EVA өзгерісіне талдау жүргізілді. Көрсетілген факторларға EVA сезімталдық коэффициенттерін бағалау негізінде құнның өсуі үшін ең маңызды операциялық пайда көрсеткіші болып табылады деген қорытынды жасалды.

Әлбетте, бұл тәсіл кәсіпорынның құнының әлеуетті өсуін бағалауға мүмкіндік бермейді. Жеке көрсеткіштердің - факторлардың маңыздылығын бағалау кәсіпорын құнының өсу әлеуетін өлшеумен бірдей емес.


Инновациялық әлеуетті бағалау мақсаттары тек жалпы түрде ғана тұжырымдалғанын және 1-кестеде көрсетілгендей нақты айқындалмағанын ескере отырып жұмыста [6] бағалау мақсаттары тұрғысынан инновациялық әлеуетті бағалау тәсілдеріне талдау жүргізілді. Осы тұрғыдан үш нұсқа бөлінген: болжамдық, диагностикалық және салыстырмалы тәсілдер.

Болжамдық тәсіл инновациялық әлеуеттің тұжырымдамалық моделін құруды ұсынады және тұжырымдамалық модельді талданатын объектінің нақты жай-күйімен салыстыруды көздейді.

Диагностикалық тәсіл инновациялық процесті басқаруды жетілдіру бойынша жобаларды әзірлеуге, оны дамытудың тиімді шешімдерін таңдауға бағытталған.

Салыстырмалы көзқарас салыстырмалы кәсіпорындардағы инновациялық әлеуетті бағалауға және салыстыруға бағытталған.

Осы жұмыста жүргізілген талдау нәтижелерін қорытындылай отырып көптеген анықтамалар, инновациялық әлеуетті бағалаудың тәсілдері, әдістері мен мақсаттары реттелген, келісілген және 1-суретте «Инновациялық әлеуетті анықтау, талдау және бағалау жүйесінің тұжырымдамалық моделі» түрінде ұсынылған.



Ескерту: авторлармен құрастырылған

1 Сурет- Кәсіпорынның иновациялық әлеуетін анықтау, талдау және бағалау жүйесінің тұжырымдамалық моделі

Тапсырманы қою

Иновациялық үдерісті басқару шеңберінде ең үлкен қызығушылық болжамдық мақсатты тәсілдің нұсқасы болып табылады (1сурет) кәсіпорынның нарықтық құнының өсу әлеуетін айқындауды және ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауды көздейтін иновациялық әлеуетті бағалауға, бұл ресурстық-нарықтық құндық тәсілге сәйкес келеді.

Иновациялық әлеуетті салыстыру, зерттеу және бағалау үшін тұжырымдамалық модель ретінде әзірленген иновациялық стратегияның бизнес-жоспары пайдаланылады, онда иновациялық әлеуетті тудыратын факторлардың барлық жиынтығы көрініс табады. Бизнес-жоспарды әзірлеу кезінде өсу әлеуетін кешенді бағалау үшін қажетті болжамды көрсеткіштердің-факторлардың барлық жүйесі қалыптастырылады. Осы көрсеткіштерді салыстырмалы (базалық) кезеңнің көрсеткіштерімен салыстыру кәсіпорынның экономикалық өсу әлеуетін – оның нарықтық құнының өсуін бағалауға мүмкіндік береді.

Қойылған міндетті шешу әдісі ретінде қашықтық әдісін пайдалану орынды деп санаймыз. Осы әдіс бойынша әрбір кәсіпорын салыстыру жүзеге асырылатын көрсеткіштерді қарастырады. Сонымен қатар пайдаланылатын көрсеткіштер тәуелсіз ретінде қарастырылады. Эталонды - объектіні таңдау салыстырылатын объектілердің жақындық дәрежесін бағалауға байланысты болады.

Бағалаудың әр түрлі көрсеткіштері өлшемсіз болған жағдайда, қарастырылатын көрсеткіштің мәнін объект - эталонның ұқсас көрсеткіштерінің мәніне бөлу жолымен оларды нормалау жүзеге асырылады.

Егер бағаланған көрсеткіштің өсуі қолайлы болса (тиімділіктің өсуін көрсетсе), онда нормалау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Y_j = Z_j / \max Z_j, \quad (1)$$

мұнда Y_j – көрсеткішінің нормаланған мәні j -нің көрсеткіштің; Z_j – мағынасы j -нің зерттеліп жатқан істің көрсеткіші; $\max Z_j$ – ең үлкен мағына j -нің көрсеткіш объекті -эталон үшін.

Ақырғы нәтижені сипаттайтын қашықтықтар әдісіне негізделген бағалаудың интегралдық көрсеткіші, формула бойынша есептелетін өсу әлеуеті ($\Theta\Theta$):

$$\Theta\Theta = \sqrt{\sum_{j=1}^m (1 - Y_j)^2}, \quad (2)$$

мұнда $\Theta\Theta$ – өсу әлеуетін сипаттайтын коэффициент; Y_j – өсу әлеуетін бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштің қалыпты мәні, $j=1, m$; 1 – эталондық объект үшін көрсеткіштің қалыпты мәні; m – бағалау кезінде пайдаланылатын көрсеткіштер саны.

$\Theta\Theta$ мәні өсу әлеуетінің бар екендігін көбірек көрсетеді. $\Theta\Theta$ мәні жоғары болған сайын, әлеуетте соғұрлым жоғары.

Осылайша, инновациялық әлеуетті бағалауға қатысты қашықтық әдісі салыстырмалы көрсеткіштердің эталондық объектінің көрсеткіштерінен асып кету дәрежесін ескеруге мүмкіндік береді, инновациялық бағдарламаны іске асырғанға дейінгі кәсіпорын көрсеткіштері пайдаланылады.

Құндық тәсіл шеңберінде өсу әлеуетін есептеу үшін тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштердің екі тобын пайдаланған жөн:

- инновациялық бағдарламаны іске асыру процесінде кәсіпорын қызметінің;
- ресурстарды шығындарға әсер ететін факторлар ретінде қолдану, демек, құнды жасау тізбегіне пайдалану.

Өсу әлеуетін бағалаудың құндық өлшемі ретінде экономикалық қосылған құн көрсеткішін (EVA) пайдаланамыз.

EVA тұжырымдамасы. Батыс компанияларында кіріс немесе өнімділікпен салыстырғанда қызметтің экономикалық тиімділігін өлшеудің анағұрлым жетілдірілген құралы ретінде пайдаланылады. EVA тек соңғы нәтижені ғана емес, сондай-ақ оған қол жеткізу шығындарын да бағалайды (күрделі салымдардың көлемі және ол қандай бағамен пайдаланылды).

EVA барлық инвестицияланған активтерді ескере отырып, кәсіпорынның нарықтық құнының ағымдағы мәнін анықтау және оның өзгеруін мониторингілеу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ағымдағы және ұзақ мерзімді көрсеткіштердің өзара байланысын көрсетеді.

Бұдан басқа, EVA-ның негізгі ерекшеліктерінің бірі бухгалтерлік көрсеткіштерді түзетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тиімділікті бағалау мен стандартты есептіліктің жаңа талаптарын үйлестіру болып табылады.

Бағаның өсуі ақша ағындарының ұлғаюына байланысты, осылайша кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандыра отырып, меншік иелерінің әлеуетті кірістерін барынша арттыруына алып келуі. Осы арқылы EVA кәсіпорын менеджерлерін ынталандыру құралы ретінде қарастырылады.

Егер EVA оң мағынаға ие болса, кәсіпорын қосылған құн жасайды. Ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер ретінде мыналарды пайдаланамыз: қор беру көрсеткіші; материал беру; жалақы беру, сондай-ақ 1 теңге түсімге жұмсалған шығындар көрсеткіші.

Өсу әлеуетін есептеу мысалы

Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы. Кәсіпорын арнайы мақсаттағы машина жасау бұйымдарының әзірлеушісі және өндірушісі болып табылады. Бизнесінің жаңа салалары: дизельді энергоқондырғылар; көлікке арналған кондиционерлеу жүйелері. Персоналды ұйымдастырушылық оқыту көзделеді. Стратегиялық мақсаттар: бизнестің құндылығын, оның әлеуетін арттыру, ұзақ мерзімді перспективаға арналған бәсекелестік артықшылықтарды нығайту.

Салыстыру үшін база (эталон) ретінде 2017 жылғы қызмет көрсеткіштері қабылданды, өсу әлеуетін бағалау үшін 2018 жылға арналған бизнес-жоспардың болжамды көрсеткіштері пайдаланылды (3-кесте).

Кесте 3 - Инновациялық әлеуетті есептеу үшін пайдаланылатын бастапқы деректер

Көрсеткіштің атауы	2017 жыл	2018 жыл
Меншікті капитал, млн.теңге	460,4	430,7
Меншікті капиталдың құны, %	25	25
Қарыз капитал (ұзақмерзімді), млн.теңге	365,2	349,6
Қарыз капиталының құны, %	15	15
Инвестицияланған капитал, млн.теңге	825,6	780,3
Негізгі өндірістік қорлардың құны, млн.теңге	290,5	250,5
Сатудан түскен пайда, млн.теңге	5900	8950
Өнімнің өзіндік құны, млн.теңге	5500	7200
Материалдарға арналған шығындар, млн.теңге	3870	4300
Еңбек ақы, млн.теңге	830	1950
Жалақыны есептеу, млн.теңге	280	580
Үстеме шығыстар, %	9	7
Салық төлегеннен кейінгі пайда, млн.теңге	230,8	440,4
<i>Ескерту: авторлармен құрастырылған</i>		

Капитал құрылымы мен бағасын есептеу:

2017 ж.: Меншікті капиталдың үлес салмағы = Меншікті капитал / Инвестицияланған капитал = 460,4 / 825,6 = 0,55

Қарыз капиталының үлес салмағы = Қарыз капитал / Инвестицияланған капитал = 365,2 / 825,6 = 0,44

2018 ж.: Меншікті капиталдың үлес салмағы = 430,7 / 780,3 = 0,55

Қарыз капиталының үлес салмағы = 349,6 / 780,3 = 0,45

Капитал бағасын анықтау (WACC, 2 - формулаға сәйкес):

2017ж.: WACC1 = 0,55*25+0,44*15= 20,3%

2018 ж.: WACC2 = 0,55*25+0,45*15= 20,5%

Экономикалық қосылған құн көрсеткішін есептеу (EVA,1-формулаға сәйкес):

2017 ж.: EVA1=230,8 – 0,203*825,6= 63,2 млн.теңге

2018 ж.: EVA2=440,4–0,205*780,3= 280,4 млн.теңге

Ресурстарды тиімді қолданылуын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу:

1) Қор қайтару көрсеткіші = Түсім / НӨҚ құны

2017 ж.: Қор қайтарымы 1= 5900 / 290,5=20,3

2018 ж.: Қор қайтарымы 2= 8950 / 250,5=35,7

2) Материал беру көрсеткіші = Материалдар түсімі / Шығындары

2017 ж: Материал беру 1 = 5900 / 3870 = 1,52;

2018 ж: Материал беру 2= 8950 / 4300= 2,08

3) Жалақының 1 теңгесіне түсімнің деңгейін сипаттайтын көрсеткіш:

Жалақы беру = Түсім / Жалақы есептеумен жұмсалған шығындар

2017 ж: Жалақы беру 1 = 5900 /1110 = 5,31

2018 ж: Жалақы беру 2 = 8950 /2530 = 3,53

4) 1 теңге түсімге кететін шығындар= Өзіндік құн/ Түсім

2017 ж: Шығындар 1 = 5500 / 5900 = 0,93

2018 ж: Шығындар 2 = 7200 / 8950 = 0,80

Барлық деректерді 3 жиынтық кестеге енгізу үшін көрсеткіштердің нормаланатын мәндерін есептеуді жүргіземіз, 3-формулаға сәйкес:

1) $Y1 = EVA\ 2018 / EVA\ 2017 = 280,4 / 63,2 = 4,43$

2) $Y2 = \text{Қор қайтарымы } 2018 / \text{Қор қайтарымы } 2017 = 35,7 / 20,3 = 1,75$

3) $Y3 = \text{Материал беру } 2018 / \text{Материал беру } 2017 = 2,08 / 1,52 = 1,36$

4) $Y4 = \text{Жалақы беру } 2018 / \text{Жалақы беру } 2017 = 3,53 / 5,31 = 0,66$

5) $Y5 = \text{Шығындар } 2018 / \text{Шығындар } 2017 = 0,8 / 0,93 = 0,86$

(1 теңге түсімге кететін шығындар)

Салыстыру үшін база (эталон) ретінде 2017 жылғы қызмет көрсеткіштері қабылданды, өсу әлеуетін бағалау үшін 2018 жылға арналған бизнес-жоспардың болжамды көрсеткіштері пайдаланылды (4-кесте).

Кесте 4-Көрсеткіштердің нормаланатын мәндерінің жиынтық кестесі

Көрсеткіш	Болжамды мән	Эталонды мән	Нормаланатын мән
Y1	210,6	50,1	4,43
Y2	30,51	20,31	1,75
Y3	2,11	1,55	1,36
Y4	3,52	4,31	0,66
Y5	0,81	0,80	0,86

Ескерту: авторлармен құрастырылған

4 формулаға сәйкес қашықтық әдісін пайдалана отырып, өсу әлеуетінің (ӨӘ) интегралдық көрсеткішін есептейміз:

$$\begin{aligned} \text{ӨӘ} &= \sqrt{(1 - Y1)^2 + (1 - Y2)^2 + (1 - Y3)^2 + (1 - Y4)^2 + (1 - Y5)^2} = \\ &= \sqrt{(1 - 4,43)^2 + (1 - 1,75)^2 + (1 - 1,36)^2 + (1 - 0,66)^2 + (1 - 0,86)^2} = 3,54 \end{aligned}$$

Жүргізілген есептеулер кәсіпорынның қаралған көрсеткіштердің жиынтығы бойынша өсу әлеуетіне ие екенін көрсетті. Кешенді көрсеткіш 3,54-ке тең, яғни 1-ден артық. Ең үлкен әлеует экономикалық қосылған құнның өсуінде және негізгі өндірістік қорларды пайдалануда байқалады. Жалақы беруді еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш ретінде «тар орын» деп санау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша инновациялық әлеуетті бағалаудың көптеген тәсілдері мен әдістерін пайдалануға негізделген, бір мағыналы шешімі жоқ, күрделі мәселе болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Бұл қорытынды жүргізілген талдаудан, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын инновациялық әлеуетті айқындау, талдау және бағалау жүйесінің әзірленген тұжырымдамалық моделінен туындайды.

Инновациялық әлеуетті бағалау кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясын әзірлеу және іске асыру кезінде маңызды мәнге ие. Экономикалық қосылған құн өлшемін пайдалана отырып, құндық тәсіл негізінде есептелген өсу әлеуеті ретінде инновациялық әлеуетті бағалау барынша қызығушылық тудырады деп санаймыз. Осы міндетті шешу үшін өсу әлеуетін есептеуге ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін қашықтық әдісі неғұрлым ұтымды деп санаймыз. Бұл менеджменттің динамикалық мүмкіндіктері шеңберінде бизнес-модельді жетілдірудің өзекті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, осылайша кемшіліктерді жоюға және ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы әдісті пайдалану экономикалық өсу әлеуетінің болжамды бағасын алуға және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға мүмкіндік бере отырып, ресурстық-нарықтық құндық тәсілге сәйкес келеді, бұл инновациялық процестегі стратегиялық басқарудың басты мақсатына сәйкес келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Foroudi, P., Jin, Z., Suraksha, G., Melewar, T. and Foroudi, M. The impact of innovation capability and customer experience on reputation and loyalty // *Journal of Business Research*.- 2016.-№69 (11).- pp. 4882–4889.

2 Ноқ, М.З., На, N.C. Innovativeness: its antecedents and relationship to SME business performance// *Proceedings of ANZMAC 2009 Conference*. Australian & New Zealand.- Marketing Academy, Melbourne, Australia

3 Saunila, M. and Ukko, J. Intangible aspects of innovation capability in SMEs: impacts of size and industry // *Journal of Engineering and Technology Management*.- 2014.- №33.- pp. 32.46.

4 Zawislak, P. Innovation capability: from technology development to transaction capability // *Journal of Technology Management & Innovation*.-2012.- №7 (2).-pp.14-26.

5 Аксенова А.П., Фокина О.М. Методика оценки потенциала предприятия, реализующего инвестиционный проект // *Математические модели и методы*.- 2008. – № 1.

6 Бабкин А.В., Новиков А.О. Анализ подходов и методов оценки инновационного потенциала предприятия // *Научно-технические ведомости СПбГПУ*.- 2009. – № 2(75).

7 Воронкова А.Е. Стратегическое управление конкурентоспособным предприятием: диагностика и организация. – Луганск: Изд-во Восточно-украинского национального университета, 2000.

8 Глазунова В.В. Современные проблемы в оценке инновационного потенциала организаций // *Интернет-журнал «Науковедение»*.-2016.-Том 8.-№1.

9 Горфинкель В.Я., др. Экономика инноваций: учебник.- Издательство: Инфра-М, Вузовский учебник.-416с.

10 Ismailova, R., Yesmagulova, N., Japarova, K. Assessment of innovations effectiveness in the manufacturing industry of Kazakhstan // *Actual problems of economics*. - 2016. - № 9 (183).- pp. 54-59.

11 Кузьмина О.Е. Выявление факторов влияния и показатели условий развития деятельности малых предприятий для оценки инновационного потенциала// *Инновационная деятельность*.- Саратов.- 2012. -№ 3. - С. 33-37.

12 Korolev, V.I., Sekerin, V.D., Bank, S.V., Gorokhova, A.E., Arutyunyan, Y.I Innovation potential of small-scale business: international experience.// *Revista Espacios*. – 2017.- №38(49).

13 Лаптева Е.А. Проблемы оценки инновационного потенциала промышленных предприятий // *Управление экономическими системами*. - 2014. - № 8.

14 Трифилова А.А. Анализ инновационного потенциала предприятия // *Инновации*,2003. – № 6.

15 Яковлева Е.А., Козловская Э.А., Бойко Ю.В. Оценка инновационного потенциала предприятия на основе стоимостного подхода // *Вопросы инновационной экономики*. – 2018. – Том 8. – № 2. – С. 267-282.

REFERENCES

1 Foroudi, P., Jin, Z., Suraksha, G., Melewar, T. and Foroudi, M. (2016), "The impact of innovation capability and customer experience on reputation and loyalty", *Journal of Business Research*, Vol.69 (11), pp. 4882–4889.

2 Ноқ, М.З., На, N.C. (2009). "Innovativeness: its antecedents and relationship to SME business performance", *Proceedings of ANZMAC 2009 Conference*, Australian & New Zealand.- Marketing Academy, Melbourne, Australia.

- 3 Saunila, M. and Ukko, J. (2014). Intangible aspects of innovation capability in SMEs: impacts of size and industry, *Journal of Engineering and Technology Management*, Vol.33, pp. 32-46.
- 4 Zawislak, P. (2012). "Innovation capability: from technology development to transaction capability", *Journal of Technology Management & Innovation*, Vol.7 (2), pp.14-26.
- 5 Aksenova A.P., Fokina O.M. (2008). "Metodika otsenki potentsiala predpriyatiya, realizuyushego investitsionnyy proekt", *Matematicheskie modeli i metody*, Vol.1. (in Russian).
- 6 Babkin A.V., Novikov A.O. (2009). "Analiz podkhodov i metodov otsenki innovatsionnogo potentsiala predpriyatiya", *St.PbPU Journal of Engineering Science and Technology*. Vol.2(75). (in Russian).
- 7 Voronkova A.E., (2000). *Strategicheskoe upravlenie kokurentosposobnym predpriyatiem: diagnostika i organizatsiya*, Lugansk: Izd-vo Vostochno-ukrainskogo natsionalnogo universiteta. (in Russian).
- 8 Glazunova, V.V.,(2016)."Sovremennye problemy v otsenke innovatsionnogo potentsiala organizatsy", *Internet-zhurnal "Naukovedeniye"*, Vol.8 (1). (In Russian)
- 9 Gorfinkel' V.YA. *Ekonomika innovacij*, Izdatel'stvo: Infra-M, Vuzovskij uchebnik,416p. (in Russian).
- 10 Ismailova, R., Yesmagulova, N., Japarova, K. (2016), "Assessment of innovations effectiveness in the manufacturing industry of Kazakhstan", *Actual problems of economics*, Vol.9 (183), pp. 54-59.
- 11 Katkalo V.S. (2003), "Mesto i rol resursnoy kontseptsii v razvitii teorii strategicheskogo upravleniya", *Vestnik of Saint Petersburg University*, Vol.3. (in Russian).
- 12 Kuzmina, O.Ye. (2012). "Vyyavleniye faktorov vliyaniya i pokazateli uslovy razvitiya deyatel'nosti mal'kh predpriyaty dlya otsenki innovatsionnogo potentsiala", *Innovatsionnaya deyatel'nost*, Saratov, Vol.3, pp. 33-37. (In Russian)
- 13 Korolev, V.I., Sekerin, V.D., Bank, S.V., Gorokhova, A.E., Arutyunyan, Y.I (2017). "Innovation potential of small-scale business: international experience", *Revista Espacios*, Vol.38(49).
- 14 Trifilova A.A. (2003). "Analiz innovatsionnogo potentsiala predpriyatiya", *Innovations*, Vol.6. (in Russian).
- 15 Yakovleva E.A., Kozlovskaya E.A., Boyko Yu.V. (2018) "Otsenka innovatsionnogo potentsiala predpriyatiya na osnove stoimostnogo podkhoda, *Voprosy innovatsionnoy ekonomiki*, Vol.8(2), pp.267-282. (in Russian).

РЕЗЮМЕ

В статье авторами рассмотрены особенности и недостатки различных подходов к оценке инновационного потенциала предприятия, подходы, методы и цели его оценки. На основе теоретических подходов предложена модель системы определения, анализа и оценки инновационного потенциала.

SUMMARY

In the article, the authors considered the advantages and disadvantages of various approaches to evaluation the innovative potential of an enterprise, the approaches, methods and objectives of its evaluation. On the basis of theoretical approaches, a model of a system for determining, analyzing and evaluating the innovative potential has been proposed.